

Сериев Б.А., Жанибеков А.К.,
Ахметова Д.А.,

Сыбайлас жемқорлық түсінігі

Теория және құқық қолдану тәжірибесі жүзінде сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеп-тексеру, олардың алдын алу және олар бойынша іс жүргізу бүгінгі қылмыстық құқықтың және қылмыстық іс жүргізу құқығының ажырағысыз бөлігіне айналды. Оған, өкінішке қарай, мемлекеттегі сыбайлас жемқорлық қылмыстары санының жылдан жылға артып келе жатқаны себеп болып отыр. Мақалада авторлар сыбайлас жемқорлықтың түсінігін зерттей келе, бірқатар ғалымдардың ойлары мен анықтамаларын, сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтарды, туындайтын жауапкершілікті және аталған мәселелердің қазіргі таңдағы аса маңыздылығын қарастырған.

Түйін сөздер: қылмыстық процесс, сыбайлас жемқорлық, сатып алу, пара, шенеулік, сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтар, жаза.

Zhanybekov A.K., Seriev B.A.,
Akhmetova D.A.

Concept of corruption

From the point of view of the theory and law-enforcement practice of investigation and prevention of corruption crimes, conducting legal proceedings on them are integral part of the criminal and criminal procedure law. Unfortunately, as the reason for that serves growth in the country corruption a crime from year to year. In this article authors consider concept of corruption, thought and definition of some scientists, the offenses creating conditions for corruption and responsibility for them, the importance of the specified problems today.

Key words: the criminal trial, corruption, bribery, a bribe, the official, offenses creating conditions for corruption, punishment.

Жанибеков А.К., Сериев Б.А.,
Ахметова Д.А.

Понятие коррупции

С точки зрения теории и правоприменительной практики расследования и предотвращения коррупционных преступлений, ведения судопроизводства по ним являются неотъемлемой частью уголовного и уголовно-процессуального права. К сожалению, причиной этому служит рост в стране коррупционных преступлений из года в год. В данной статье авторы рассматривают понятие коррупции, мысли и определения некоторых ученых, правонарушения, создающие условия для коррупции, и ответственность за них, значимость указанных проблем на сегодняшний день.

Ключевые слова: уголовный процесс, коррупция, подкуп, взятка, чиновник, правонарушения, создающие условия для коррупции, наказание.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТҮСІНІГІ

Мемлекет пен қоғамның, құқықтық сана-сезім мен тәртіптің қазіргі заманғы даму кезеңінде сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыстарды тергеу мәселесі қылмыстық іс жүргізу құқығының өзекті тақырыптарының біріне айналып отырғаны даусыз.

Сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстардың аса қауіпті көрінісіне тұлғалардың осы қылмыстарды бір топ адам болып, қорқыту жолымен жасауын, сондай-ақ ұйымдасқан қылмыстық топтардың, қылмыстық қауымдастықтардың құқыққа қайшы мүдделерін қанағаттандыру үшін олардан материалдық және өзге де игіліктер мен артықшылықтарды алу мақсатында жасауын жатқызуға болады.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес барлық экономикасы және азаматтық айналымы дамыған мемлекеттердің құқықтық жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Мемлекеттік органдар функцияларына жүктелген жоғары сапалы іс, еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің қалай ұйымдастырылғанына, сондай-ақ мемлекеттің осы саладағы құқықтық қарым-қатынастарды реттеуге бөлінетін көңілдің маңыздылығына байланысты.

А.Н. Ағыбаевтың ойынша, «сыбайлас жемқорлық ... әр... өзіне және басқаларға кез келген заңсыз пайда алу мақсатымен жасалатын лауазымдық тұлғалардың қылмысынан тұрады» [1, 179 б.].

Сыбайлас жемқорлықтың таралуы алғашқы ортағасыр кезеңінде басталды. Оған ақшалай қатынастардың дамуы, мемлекеттік аппарат санының өсуі, мемлекеттік билік тамырларының бірлесуі себеп болған. Бұл кезеңде сыбайлас жемқорлық күнә ретінде бағаланған. «Сонымен, орта ғасырда сыбайлас жемқорлықты алғашқы туу тамыры бар және қоғамды жаулап алатын әлеуметтікке қарсы құбылыс ретінде ұғатын түбегейлі жаңа түсінік пайда болады. ... сыбайлас жемқорлық заңнан бас тартқан кез-келген істің алғашқы негізі деп қарастырылады» [2, 13 б.].

Этимологиялық жағынан «сыбайлас жемқорлық» термині «сатып алу», «пара» мағынаны білдіретін «corruptio» [3, 12 б.] деген латын сөзінен келген, ол осы терминге сай. Заң энциклопедиясында «сыбайлас жемқорлық» термині «саясат немесе мемлекеттік басқару саласындағы қылмыстық әрекет, ол

лауазымдық тұлғалар өздеріне сенімге берілген құқықтар мен билік мүмкіндіктерін жеке баю мақсатында пайдаланудан тұрады» [4, 215 б.] деп қарастырылған.

Сыбайлас жемқорлықтың тура осындай анықтамасы үлкен заң сөздігінде де беріледі [5, 320 б.]. Бұл құжаттарды талдау әлемдік қауымдастыққа ұсынған сыбайлас жемқорлық түсінігінің ерекшелінетін белгілері ретінде келесіні көрсетеді:

1. Тиісті ұғым мазмұнына сыбайлас жемқорлықтың мінездегі кең көлемдегі бұзушылықтарды кіргізу: этикалық (рухани), тәртіптік, субъект сыбайлас жемқорлықтық бұзушылықты өз лауазымдық жағдайында заңсыз пайдаланғаннан тұратын әкімшіліктік және қылмыстық-құқықтық.

2. Мемлекеттік лауазымдық тұлғалар жасайтын сыбайлас жемқорлықтық әрекеттер субъектілері шеңберін шектеу. Шенеуніктер заңсыз артықшылықты (мүлікті, қызметті не жеңілдікті) аламын деген сыбайлас жемқорлықтық әрекеттерге қатысты, мұндай әрекеттер субъектілер шеңбері шенеуніктерге осы артықшылықтарды беретін жеке және заңды тұлғалармен толықтырылады.

Мұндай амал, алайда, бүгінгі таңда әлемдік қауымдастықтың барлық елдерінде және әлемдік ғылымда басым болып тұрған жоқ. Бірқатар мемлекеттер сыбайлас жемқорлықтың мазмұнын әлеуметтік-құқықтық құбылыс ретінде кеңейтуге ұмтылған, ең алдымен, сыбайлас жемқорлықтық әрекеттер субъектілері шеңберіне тек қана лауазымдық тұлғаларды қоспай, барлық мемлекеттік қызметкерлерді, сонымен қатар мемлекеттік емес шаруашылық субъектілер бастықтарын да қосу арқылы [6, 260-261 б.]

Теория жүзінде және құқық қолдану тәжірибесі жүзінде сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу, олардың алдын алу және олар бойынша іс жүргізу бүгінгі қылмыстық құқықтың және қылмыстық іс жүргізу құқығының ажырағысыз бөлігіне айналды. Оған, өкінішке қарай, мемлекеттегі сыбайлас жемқорлық қылмыстары санының жылдан жылға артып келе жатқаны себеп болып отыр. Әрине, бұл қылмыстар санының күрт артуына белгілі бір экономикалық себептер, құқықтық тәртіп пен мәдениеттің төмендеуі себепші болғаны анық.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстары кез келген қоғамда, кез келген басқару нысаны бар мемлекетте болатын қоғамға жат құбылыс. Оның мемлекет құрылымына, елдің экономикалық жағдайына, құқықтық мәдениеттілікке теріс әсер

ететіні айқын. Бұл орайда сыбайлас жемқорлықпен күресудің саяси, құқықтық, экономикалық және т.б. құралдары қолданылады.

Сыбайлас жемқорлық барлық елдерде бар – кішкентай және үлкенде де, бай және кедейде де. Мұнда, бір жағынан, экономикалық өсу мен дамуға қажет ресурстары ұрланып, шенеуніктер және басқа да жекеменшік тұлғалардың қалталарына кетіп жатыр. Басқа жағынан, мемлекет, экономика және қоғамды басқару жүйесі жараланып жатыр: сыбайлас жемқорлық тиімді басқарумен сәйкес келмейді, себебі сыбайлас жемқорлықтанған басқарушылар қоғам және даму қызығушылығында басқаруға қабілетті емес.

Сыбайлас жемқорлық нәтижесінен кедейлер одан әрі кедейлікке ұшырылады, теңсіздік пен қоғамның кереғарлығы асқынады. Формалдық емес экономикалық қатынастар және есепке алынбаған ақша ағымдары көлеңкелі мен криминалдық құрылымдарға мемлекеттік шенеуніктер және басқа да жауапты тұлғаларды сатып алуға шексіз қаражат жұмсауға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, бір заңдылық байқалады – қай әрекет аумағы болмасын, құқықтық қамтылуы нашарлау болса, ол жерде сыбайлас жемқорлық жоғарырақ болады.

Қоғам мен билік қатынасының сыбайлас жемқорлықтануы мен коммерциализациялануы да бұл биліктің адам құқығы мәселелеріне деген «сезімталдығына» жағымсыз әсер тигізеді.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстары мемлекеттік билікті пайдаланып жүзеге асырылатын болғандықтан, мемлекеттік функцияларды орындауға өкілетті және оларға теңелген адамдардың қандай іс-әрекеттері сыбайлас-жемқорлық үшін жағдай жасайды деп табылады деген сұрақ туындайды. Оған «Сыбайлас-жемқорлықпен күрес туралы» Заңның 12 бабына сәйкес жауап беруге болады. Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адамдардың немесе соларға теңестірілген адамдардың мынадай:

1) басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдардың қызметіне заңсыз араласу;

2) аталған адамдардың не олардың жақын туыстары мен жекжаттарының материалдық мүдделерін қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу кезінде өздерінің қызметтік өкілеттігін пайдалану;

3) мемлекеттік ұйымдарға және жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі кемінде отыз бес процент болатын ұйымдарға, сондай-ақ жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі (кемінде отыз бес процент) ұлттық басқару-

шы холдингтерге, ұлттық холдингтерге, ұлттық даму институттарына, ұлттық компанияларға берілген ұйымдарға, сондай-ақ олардың еншілес ұйымдарына мемлекеттік қызметке кіретін және қызметін жоғарылататын кезде заңда көзделмеген артықшылықтар беру (тамыр-таныстық, отбасылық жақындық);

4) шешімдер әзірлеу мен қабылдау кезінде заңды және жеке тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсету;

5) кімге болса да табыс алуға байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда заңдарда көзделмеген кез келген жәрдем көрсету;

6) мемлекеттік міндеттерін атқару кезінде алынған ақпаратты, егер ол ресми жариялауға жатпайтын болса, жеке немесе топтық мүдделерге пайдалану;

7) берілуі заңдарда көзделген ақпаратты жеке және заңды тұлғаларға беруден негізсіз бас тарту, оны кешіктіру, бұрыс немесе толық емес ақпарат беру;

8) жеке немесе заңды тұлғалардың табыс етуі заңдарда көзделмеген ақпаратты бұл тұлғалардан талап ету;

9) мемлекеттік қаржы ресурстары мен материалдық ресурстарды жекелеген кандидаттардың сайлау қорына беру;

10) жеке және заңды тұлғалардың арыз-өтініштерін қараудың және өз құзыретіне кіретін өзге де мәселелерді шешудің заңда белгіленген тәртібін әлденеше рет бұзу;

11) жоғары тұрған ресми адамдардың лауазымдық өкілеттіктерін пайдалана отырып мүліктік пайда, игіліктер не артықшылықтар алу үшін аталған адамдарға сыйлықтар тарту және қызметтен тыс қызмет көрсету;

12) жеке немесе заңды тұлғаларға олардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруда көрінеу кедергі жасау;

13) кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу, сондай-ақ оған бақылау жасау өкілеттігін сондай қызметті жүзеге асырушы жеке немесе заңды тұлғаларға беру;

13-1) мемлекеттік бақылау мен қадағалау міндеттерін мемлекеттік орган мәртебесі жоқ ұйымдарға беру;

14) қызметі немесе жұмысы жөнінен жоғары немесе төмен тұрған не өздерімен өзге де түрде тәуелді лауазымды адамдармен ақша немесе өзге де мүлік салынатын сипаттағы құмар ойындар ойнауға қатысу әрекеттері сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтар болып табылады.

Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адамдардың немесе оларға теңестірілген адамдардың жоғарыда аталған қандай да болсын құқық бұзушылықтарды жасауы, егер онда қылмыстық қудалау арқылы жазаланатын әрекеттің белгілері болмаса, қызметінен төмендетуге, қызметінен босатуға немесе мемлекеттік міндеттерді атқарудан өзге де түрде босатуға не заңда белгіленген тәртіппен өзге де тәртіптік жаза қолдануға әкеп соғады /6, 32/.

Алғашқы құқық бұзушылық үшін тәртіптік жаза қолданылғаннан кейін бір жылдың ішінде аталған құқық бұзушылықтардың кез келгенін қайталап жасау заңда белгіленген тәртіппен қызметінен босатуға немесе мемлекеттік міндеттерді атқарудан өзгедей түрде босатуға әкеп соғады.

Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары немесе осы Заңның 3-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында аталған адамдар осы баптың 1-тармағында аталған құқық бұзушылықтардың қандайын болса да жасаған жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуші органдар бұл жөнінде тиісті сайлау комиссиясына хабарлайды, ол бұларды материалдар келіп түскен күннен бастап бес күннің ішінде Парламенттің назарына жеткізуге міндетті.

Мемлекеттік міндеттер орындауға өкілетті немесе соларға теңелген адамдар өз мемлекеттік міндетін орындағаны үшін ақшалай, қызмет көрсету және басқа формада ұйымдардан, жеке тұлғалардан сыйақы алса сыбайлас-жемқорлық құқық бұзушылық болып табылады, егер басқаша ештеңе заңмен қарастырылған болмаса.

Сыбайлас жемқорлықпен күресудің бірден бір жолы оның алдын алу мен тиімді тергеу амалдарын жүргізу деп білеміз. Бұл орайда Қазақстан Республикасының қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу құқықтарының нормалары мен құқықтық қағидалары аса маңызды. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеуді, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын құқық қорғау органдарының да қызметі ерекше маңызға ие. Бұл бағытта мемлекетте елеулі шаралар жүзеге асырылды және асырылып келеді. Мысал ретінде сыбайлас жемқорлық қылмыстарымен күресу үшін арнайы құрылған құқық қорғау органы – экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі мен оның аумақтық бөлімшелерін атауға болады. Бұл органның сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудегі рөлі мен маңызы айтулы десек артық айтқан болмас.

Өркениетті, өзін-өзі құрметтейтін кез келген мемлекет қоғамдық құқық тәртібін орнатуға, ішкі қауіпсіздікті, елдің қорғаныс қабілетін қамтамасыз етуге түбегейлі мүдделі. Бұл арада ең алдымен қылмысқа қарсы күрес басты назарда ұсталады.

Өкінішке орай, орын алып отырған криминогендік бірқатар елеулі факторлар республикадағы қоғамдық құқық тәртібінің жай-күйіне теріс ықпалын тигізіп келеді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде және сыбайлас жемқорлықпен күресу мәселесінің бүгінгі таңда құқық қорғау органдарының алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі екенін ескере отырып отандық қылмыстық іс жүргізу құқығы саласында сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыстарды тергеу ерекшеліктеріне арналған осы шағын жұмыстың өзекті екені еш күмән тудырмайды деп ойлаймыз.

References

- 1 Agybayev A.H. Theoretical problems of responsibility of officials for office crimes. – Almaty. 1997. – 179 p.
- 2 Monuments of the Roman right [Text]: laws XII of tables. Guy's institutions. Digesty Justinian. – М.:Zertsalo, 1997. – 13-14 pp.
- 3 Materials under articles and comments to the Law «About Fight Against Corruption» of the Republic of Kazakhstan. Mukhamedzhanov B.A., Rogov I.I., Bychkova S.F. – Almaty, «Baspa», 2001, 248 p.
- 4 Tikhomirova P.V., Tikhomirov M.Yu. The legal encyclopedia / Under red. M.Yu.Tikhomirova. – М, 1997. – p. 215.
- 5 The big legal dictionary / Under red. A.Ya. Sukhareva, etc. – М.: INFRA-M, 1999. – p. 790.